

Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Педагогика және психология факультетінің докторанты А.Е. Ахметсапаның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың өзектілігі білім беру жүйесінің қазіргі уақыттағы өзекті міндеттеріне байланысты. Заман талабына сай әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруі педагогтердің кәсіби іс-әрекеті жағдайының өзгеруіне себеп болды. Бұл өз кезегінде мұғалім іс-әрекетінің нормативтік-құқықтық негізінің өзгеруіне әсер етті. Осылайша, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда бастауыш сынып мұғалімі нәтижелерге оқушыларда әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру арқылы бағдарлануы және мектебінде қабылданған тиімділік көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылуы керек. Осы орайда бүгінгі таңда бастауыш сынып мұғалімдерінен пәндерді терең меңгеру ғана емес, сонымен қатар оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге ықпал ететін шығармашылық іс-әрекетке даяр болуы талап етіледі.

Сондықтан қазіргі кезде кәсіби білім берудің маңызды мақсаты ретінде болашақ мамандарды дамып келе жатқан жаңа кәсіптер әлемінде еңбектенуге үйрету, сондай-ақ олардың шығармашылық, жасампаздық іс-әрекет жасауға әлеуетін дамыту мақсаты қойылып отыр.

Заманауи қоғамның сұранысын қанағаттандыратын білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуді шығармашылық тұрғыда ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдерін игерген, пәндік және әдістемелік тұрғыдан сауатты, шығармашыл маман қажет. Осы тұрғыдан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың талаптарына байланысты даярлау бүгінгі күн талабынан шығып отырғандығын және психологиялық-педагогикалық пәндер аясында жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбегендігі зерттеу жұмысының өзектілігін байқатады.

Автор өз зерттеуінде педагогтерді шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесімен айналысқан отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне таладу жасап, «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының анықтамасын нақтылаған. Сонымен қатар зерттеу мәселесіне байланысты іс-әрекеттік, жүйелілік, синергетикалық, тұлғалық, құзыреттілік, интегративтік, шығармашылық, мәдениеттанушылық, тұғырлары мен принциптеріне талдау жасаған. «6B01300-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасындағы психологиялық-педагогикалық пәндер мазмұнына диссертациялық зерттеу мәселесіне байланысты талдаулар жасаған.

Докторант зерттеу жұмысы бойынша төмендегідей нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «шығармашылық», «шығармашылық іс-әрекет», «педагогикалық шығармашылық», «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымдарының мәнін нақтылаған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың:

- 1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы;
- 2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі;
- 3) мектепте шығармашылық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі;
- 4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алу сияқты мүмкіндіктері негіздеуге алғаш рет талпыныс жасаған; зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері, өлшемдері және көрсеткіштері, олардың жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау жүйесі («Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» элективті пәні, оның әдістемелік қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешені, «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралы, «Шығармашылық тапсырмалар жинағы») алғаш рет ұсынылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтарының логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігін көрсетеді.

Автор жұмысының бірінші тарауын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесінің қазіргі жағдайын және «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәнін анықтаумен және онымен байланысты теориялық материалдарға арнаған. Екінші тарауында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері мен білім беру технологияларын пайдалануға тоқталып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Үшінші тарауында тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін жүзеге асыру мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне арнаған.

Ізденуші-докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану студенттердің заманауи талаптарға сәйкес шығармашылық іс-әрекетке қызығушылын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, яғни арнайы енгізілген пән, арнайы жинақталған жаттығулар және білім беру технологиялары мен интербелсенді әдістер көмегімен маман даярлау әдістемесі жасалып, тәжірибелік тұрғыда тексерілген, жоғары нәтижелер алынған.

А. Ахметсапа диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалды. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Баяндау стилі ғылыми, логикалық және дәйекті. Автор зерттелетін материалды меңгерудің жоғары деңгейін, ойларын дұрыс тұжырымдайтынын және зерттелетін мәселені түсінетінін көрсетті.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге талдау жасалған.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындаған және толық аяқталған, құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек болып табылады. Бұл Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызын «8D01300-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санауға мүмкіндік береді және көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор



Жолтаева Г.Н.

